

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨҢІРЛЕРДЕ ЖАЛҒАСАДЫ

Астанадағы ҚР Ұлттық музейінде Жер реформасы жөніндегі республикалық комиссияның кезекті үшінші отырысы өтті. ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бақытжан Сағынтаевтың жетекшілігімен өткен осы үшінші отырыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетелдіктерге жаңа беру немесе бермеу мәселесін талқылау айқындалған болатын. Бұған дейін комиссия төрт бағыттағы жұмыс топтарын айқындап, олардың жетекшілері сайланған. Өткен апта ішінде осы төрт топ негізгі тақырыптарды талқылап, Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы штабта бірқатар жұмыстар атқарды. Осыған байланысты жұмыс топтарының атқарған шаралары туралы хабарламалар тыңдалды.

Отырыста комиссия төрағасы, ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев жергілікті жердегі қоғамдық кеңестін мүшелерімен тығыз байланыс орнатылғанын атап өтті.

— Өткенде ақылдаса отырып, төрт жұмыс тобын құрдық, оның жетекшілерін бекіттік. Ол азаматтар өздерінізбен бірге бір аптаның ішінде Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы штабпен бірлесіп отырып, өздерінің жұмыстарын жүргізді, — деді ол.

Комиссияның алғашқы көшпелі отырысы Ақмола облысында өтуі мүмкін.

— Келесі отырысты біз өңірлерге шығарудан бастасaq. Бөлініп, топ-топмен халықты аралайық, пікірлесейік, — деді Б. Сағынтаев.

Осыған байланысты комиссия жетекшісі арнайы кесте жасауды да ұсынды. Оның айтуынша, комиссия бір айда өңірлерді аралап, Астанада қайта бас қосуды жоспарлайды. Со- сын өңірлерді тамыз айының соңына дейін аралап шығып, содан қорытындылап, талдау- лар жасауға кіріседі.

МАЛШЫЛАР ҚАУЫМЫНЫҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

Жанақорған ауданында облыс малшыларының слеті өткізілді. Бұрындыр малшы қауымының озық тәжірибесі насихатталып, сала мамандарының еңбегі сараланатын малшылар слеті көпшілік күтетін шара болатын. Былтыр-дан бастап облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастамасымен сол тәлімі мен тәжірибесі мол осы дәстүр қайта жаңғыртылып, карт Қаратаудың қойнауында атақасіптен қол үзбеген малшылар қауымы мен мал шаруашылығының мамандары биыл екінші рет бас қосты. Зымырандай жүйткіген мына жылдам уақыт талабына сай аталған басқосу жанаңа кескін-келбет алғандығы бірден аңғарылды. Мәселен, өткен жылы атақасіпті аярақтаған облыс малшылары оны өздерініше дербес тойласа, бұл жолы алты Алаштың анасы атанған Сыр өңіріне көршілес Ақтобе мен Оңтүстік Қазақстан облыстарынан лауазымды тұлғалар бастаған өкілдер келіп қатысты. Ал Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков жиынның құрметті мейманы, алқалы шараның күзесі болды.

Аудан орталығындағы мәдениет үйінде аталған облыстық малшылар слеті аясында мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ғылыми-практикалық семинар кең көлемде өткізіліп, саладағы жетістіктерге назар аударып, озық тәжірибелермен танысу басшылыққа алынды. Сондай-ақ, қазіргі кездегі мал шаруашылығын дамыту барысындағы туындаған проблемалық мәселелер талқыланып, орталық атқарушы органдар тарапынан қабылдануға тиісті шешімдер жөнінде бірлескен ұсыныстар сараланды.

Семинарды Жанақорған ауданының әкімі Руслан Рүстемов ашып, жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде: «ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында, Қазақстан Республикасын ет және сүт өнімдерін экспорттайтын өңірлік ірі елге айналдыруды тапсырған болатын. Осы мақсатта, мемлекетіміздің мал шаруашылығын тұрақты қолдауының арқасында, еліміз бойынша мал шаруашылығын дамыту бағытында көптеген игі істер атқарылып отыр. Соңғы жылдары мал шаруашылығын дамыту үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың арқасында облыстың мал шаруашылығы саласы жақсы дамып келеді», — деді.

Ғылыми-практикалық семинарда Қазақстан Респубикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығын дамыту департаментінің директоры Еркебұлан Ахметов мемлекет қолдауы малшы қауымының бүгінгі күнгі жетістікке жетуіне себеп болғанын атап өтті. Ойын тәжірибе бөлісумен тиянақтап, қандастарымыздың қанына сіңген бұл салада алдағы жылдары да жеңісті жолдар мен жемісті жылдар болатындығына сендірді. Өрине, ол үшін әрбір шаруа қожалығы мен жеке шаруа өз ісіне бекем болумен қатар жаңа технологияларды игеруге ұмтылғаны жөн. Сонымен бірге, алдағы жылдары фермерлердің жұмыстарын жоспарлау мемлекеттің мал шаруашылығы саласында жүргізетін саясатына тікелей байланысты екендігін де ескерті.

2-бет

ТАЛАЙДЫ ТАМСАНДЫРҒАН АҢЫЗ БАБА МЕН ҒАРЫШ ҚАЛА

Түбі бір түркі халқының абызы Қорқыт атаға арналған ескерткіш кешені мен ғарыш кеңістігіне жол салған ғажайып «жұлдызды қала» алыс-жақын шетелге жақсы таныс. Сондықтан, сенбі күні VII «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумының қонақтары осы аймаққа жол тартты. Оларға «Мо-нако» деп аталатын заманауи автобус қызмет көрсетті. Бұл көлікті «Сасприн Services» компаниясының құрылтайшысы, жерлесіміз Андрей Кашечкин біздің облыс үшін арнайы әкелген болатын. Айта кетейік, форум қатысушыларынан бөлек, «Қорқыт ата» кешені мен Байқоңыр ғарыш айлағы мұражай кешенін тамашалау үшін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен біздің өңірде іссапармен жүрген Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков те барды.

Әуелі облыс басшылары мен қонақтар заманға лайықталып қайта жасалған «Қорқыт ата» мемориалды кешенін аралап, ізінен аңыз өрген бабаның рухына тазғым етті.

Сонымен бірге, мұнда этноауыл ұйымдастырылған екен. Кііз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар мен салт-дәстүр көрсетілді. Жез таңдай жыршылар мен әншілер жиналғандарды Сырдың әсем сазымен елітті. Ал шетелдіктер қазақ халқының болмыс-бітімін бейнелеген ауылдың көрінісіне тәнті болып, естелік заттарға түсіп, жаңа бір әлемді ашқандай күй кешті.

Бұдан соң Қарағанды мен Қызылорда облысының әкімдері бастаған азаматтар, сондай-ақ форум қонақтары «жұлдызды қалаға» жүрді. Онда олар Байқоңыр ғарыш алаңы тарихын танытатын бірегей музейге барып, ішін қықласпен аралды. Музей директоры Антонина Богданова экспонаттардың әрбіреуін ынты-шынтысымен түсіндіріп берді. Келушілер ғарыш алаңының құрылу тарихы, қазіргі өмірі мен кейінгі дамудың болашағымен танысты. Ғарышқа жол салған адамдар, қорнекті ғалымдар мен құрылысшылар, сонымен қатар тарихтың көленкесінде қалған, мыңдаған инженерлер, жұмысшылар мен қызметкерлер, зымыран-ғарыштық техника сынаушыларды, әскери құрылысшыларды жайлы біліп, танымын кеңейтті. Бұған қоса, қонақтар «Боран» орбиталық қораблін, ракеталық-ғарыштық жүйенің негізін қалаушы академик С.Королев пен ғарышкер Ю.Гагариннің іссапар кезінде қоныс еткен мемориалдық үйлерін тамашалады.

— Бүгінгі күн біз үшін өте әсерлі болды. Этноауылда болып, қазақ халқының салтымен таныстық, әлемді ұлттық өрнектеріне қызыға қарадық. Байқоңыр музейінде де болып, ғарыш әлемі туралы кеңінен біліп отырмыз. Жалпы, әлемде Байқоңырды білмейтін адам кемде-кем. Біз де жас көзімізден бұл ғарыш айлағы туралы көп естігенбіз. Енді, міне, өз көзімізбен көру бұйырды, — деп әсерімен бөліскен «D’Alinea Solar France» компаниясының құрылтайшысы Жан Люк Зиброу біздің облыста күн-электр станциясын салуға ниетті екенін, осы мақсатта инвестициялық форумға келгенін де айтты өтті.

Музейді көруге жыл сайын он мың адам жиналады. Ал «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автожолы бойында орналасқан «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне күніне жүзге жуық зиярат етуші келеді екен. Егер екі нысан туристік маршрутқа тұрақты түрде қосылса, келушілер қатары артары сөзсіз. Соған «Байқоңыр» инвестициялық форумы ғана емес, «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесі де дөңкер болады деп сенеміз.

Дәурен ОМАРОВ.



Өткен сенбіде аймағымызға Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков жұмыс сапарымен келді. Мәртебелі мейман Сыр еліне сапары барысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың бастауымен облыс орталығындағы тарихи-өлкетану музейіне ат басын бұрып, мұндағы тарихи жәдігерлермен танысты. Мұнан соң «Арай» сауықтыру кешенінің жұмысын көріп, «Жан-Арай» агро-ресторналды кешенінде болды.

Айта кетейік, былтыр мамыр айында серіктестік пен «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бірлесіп отырып іске қосқан кәсіпорында тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін және 150 тонна күрші салысын өңдейтін күрші ақтау зауыттары жұмыс жасап тұр. Оған 6 миллиард теңге қаржы салынды. Бүгінде аталған шаруашылық мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Серіктестік басшысы Бақдәулет Махашов қонақтарға кәсіпорынның қызметін таныстырып, қарағандылық кәсіпкерлермен тығыз байланыста екенін жеткізді.

Ауыл шаруашылығы саласына жаңашылдық алып келген кәсіпкер құрама жем өндірісін әлемдегі алдыңғы қатарлы германиялық «Петкус» компаниясының технологиясымен жабдықтаған. Зауыт тәулігіне — 80, айына 2400 тонна жем өндіретін және 150 тонна күрші салысын өңдейтін күрші ақтау зауыттары жұмыс жасап тұр. Оған 6 миллиард теңге қаржы салынды. Бүгінде аталған шаруашылық мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Серіктестік басшысы Бақдәулет Махашов қонақтарға кәсіпорынның қызметін таныстырып, қарағандылық кәсіпкерлермен тығыз байланыста екенін жеткізді.

Сондай-ақ, «Жан Арай» шаруа қожалығына осыдан бір ай бұрын 3 мың дана жұмыртқа әкелініп, қазір 2600-ге жуық балапан шығарылды. Оның 660-қа жуығы қаздың балпағына болса, қалғаны — үйректер. Үйрек пен қаздың жұмыртқалары инкубаторлық сандықнада бастырып шығарылады.

ЖАҒАСЫ ҚАМБАШ КӨЛДІҢ ЖЕР ЖӘННАТЫ

Форум қонақтары екінші күні Қорқыт ата кешенін тамашалаған соң, Байқоңыр қаласына, Қамбаш көлі жағасына жол тартты. Ұшқан құстың қанаты талатын кең-байтақ жерді қак жарған тактайдй жолда жүйткіген автобус кеседеті шөйнінен тамшы тамдырмайды. Топырағы тарихтан сыр шертер өңірдің әрбір төбесінде том-том шежіре жатыр. Қаздай тізілген автобус жүргізушілеріне арнайы бекітілген қызметкерлер елдің, жердің тарихымен таныстырып отырды.

Түрнізді дамытуға тұтқа болар тұс аз емес бізде. Соңлардың ішінде аймақ басшысының бастамасымен түркі жұртының абызы — Қорқыт баба кешені мен жер кіндігі Байқоңырды «ЖҚСПО-2017» көрмесі аясында төрткүл дүние назарына ұсыналғы отырмыз. Өзеге көрсетуге тұратын өзге орындар дегенде, алдымен ауызға Арал теңізі мен Қамбаш көлі ілігелі. Қарт Қаратау қойнауы да ел көрем, жер көрем деушілерге таптырмас мекен.

Қамбаш көліне қонақтар мен инвесторларды облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әмірезов бастап барды. Негізгі мақсат — елдегі жақсыны көрсету, жанадан бой көтеріп жатқан демалыс кешенін таныстыру болды. Көлдің ең басты артықшылығы — келіп-кетем деушілерге ыңғайлы. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» көлік дәлізінен 6 шақырым ғана қашықтықта орналасқан. Төмержолмен қатынаймын деушілерге «Қамбаш» бекеті екібастан дәл түбінде, тиіп тұр.

Аңыздарға сенсек, заманаңда Қамбар батыр ғашығы Назымға Қамбаш көлін кесіп өтіп барған екен. Яғни, көлдің белгілі бір тұсы ат батпайтындай таяз болған. Көнекөздердің айтуынша, күн бата жағылан шыршақа бағдарлап көп кешетін Қамбар батыр қастық ойлағандардың кесірінен тереңге батқан делінеді. Қазіргі дерекке сүйенсек, көлдің ең терең тұсы — 9,5 метр. Ал, ұзындығы 26,8 шақырым болса, ең үлкен ені — 8,52 шақырым. Қамбаш айналасына Лайкөл, Жыңғылдыкөл, Шөмішкөл, Қаздыкөл, Жаланащкөл, Қулықөл, Қобіктікөл, Райымкөл, Талдыарал сынды көлдер топтасқан. Ал, көл суының мөлдірлігін адам айтып жеткізе алмайды. Су астына сүңгіген адам 10 метр жердегіні айға-қатесіз көре алады. Мамандар дерегіне сүйенсек, Қамыстыбас көлі суының сапасы өте жоғары. Қонақтарға тұмса табиғатты таныстыратын облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әмірезов Қамбаш көлі мөлдірлігі жағынан жер жаңнаты Жетісудағы Алақолден әлдеқайда артық екендігін айтты.



АЙМАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС АРТА БЕРЕДІ



Сондықтан жобаны ойдағыдай іске асыру үшін жауапты мамандар әрбір жұмыртқаның температурасы мен ылғалдылығын үнемі қадағалайды. Мұндағы жұмыс барысымен танысқан Қарағанды облысының әкімі Н.Қананияұлы кәсіпорындағы жоғары бағалап, өз аймақтарына Қызылорда облысынан келетін өнімнің сапасының жоғары екенін жеткізді.

Мұнан соң Қызылорда мен Қарағанды облысының әкімдері өңіраралық кооперацияны дамытуға байланысты меморандумға қол қойды. Келісімге сай аймақтар арасында

экономикалық-мәдени байланысты нығайту, өзара тәжірибе алмасу, өздерінде өндірілетін өнімдерді ұсынып, импорттың үлесін төмендету көзделіп отыр.

Қонақтар Қызылорда облысы әкімдігінде орналасқан Ахуалды орталық қызметінің жұмысын көрді. Жобаның мақсаты — Қызылорда облысы әкімдігі қызметінің тиімділігін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы арттыру. Атап айтсақ, орталық макроэкономикалық көрсеткіштерді бол- жамдау, әлеуметтік-экономикалық даму ба-

рысын мониторингтеу, талдау және болжау, қауіпсіздікті бағалау және экономика, қаржы, демография, өнеркәсіп, ақпарат және басқа да салалардағы тәуекелдерді басқару, қоғамдық-саяси ахуалды талдау жұмыстарымен айналысады.

Аймақ басшысы меморандумның маңыздылығына тоқталып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде қарағандылық әрпi-тестердің бай тәжірибесін пайдалану тиімді екенін жеткізді.

— Елбасының тапсырмасына сәйкес өңіраралық серіктестікті дамыту қажет. Біздің қарағандылықтардан үйренетін нәрселеріміз бар. Біріншіден, Қарағанды облысында металлургия өндірісі жақсы дамыған. Бізде оны қолға алып жатырмыз. Екіншіден, азақ-түлік қауіпсіздік қамтамасыз ету. Біз жақында бұферлік аймақтан шықтық. Ет өңдеу, көкөніс өсіру бойынша қарағандылықтармен тәжірибе алмасуға болады, — деді К.Көшербаев.

Ал өзара әріптестікке дайын екенін жеткізген Н.Әбдібеков соңғы 3 жылда Қызылорда облысының даму қарқынын жоғары бағалады.

— Соңғы 3 жылда Қызылорда облысында даму динамикасы өте жоғары. Сондықтан біз осы жоғары даму қарқынының себебін білу үшін келдік. Өзара әріптестікке дайынбыз, — дейді ол.

Алдағы уақытта екі облыс басшысы мақұлдаған келісім негізінде енді Қызылорда мен Қарағанды алыс-берісті нығайтып, кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтар тәжірибе алмасып, тығыз байланыста жұмыс жасайтын болады. Айта кетейік, қарағандылық делегаттар сапарларының екінші күні облыстық малшылар слетіне қатысты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР САРАЛАНДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыс әкімдігінің аппарат мәжілісі өтіп, онда бірқатар мәселелер қаралды.

Жиында алдымен көктемгі дала жұмыстарының жүргізілуі барысы баяндалды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Өмірхан Пашкеновтің мәлімдеуінше, үстеміздің жылы бекітілген сызбаға сәйкес облыс бойынша 162,6 мың гектарға егіс егу межеленген. Оның ішінде дәнді дақылдар 81,4 мың гектар, мал азықтық дақылдар 59,1 мың гектар, көкөніс, бақша дақылдары 16,7 мың майлы дақылдар 5,4 мың гектарды құрайды. 2015 жылмен салыстырғанда күздік бидайды 2,5 есеге, жаздық бидайды 1,8 есеге, дән жүгері 40 пайызға, тары — 12, жоңышқа — 6, картоп — 13, көкөніс — 4 , бақша дақылдарын 9,6 пайызға артық егу жоспарланған. Негізгі дақыл — күріштің көлемін 76,3 мың гектарға орналастыру межеленіп отыр. Өңірде ерте егін егу жұмыстары кестеге сәйкес аяқталды.

2-бет

Нағымжан САУЯЕВ.

МАЛШЫЛАР ҚАУЫМЫНЫҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

Облыстық мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Пірмұхамед Сыздықов хабарлама жасады. Ол өз хабарламасында облыста ауылшаруашылық саласында мемлекеттік қолдаумен бірге өндіріске озық технологиялар енгізу, облысты аграрлы-индустриалды аймақтан индустриалды-аграрлы аймаққа айналдыру жолындағы міндеттердің орындалу барысына шолу жасап, алдағы бағыттар барысына тоқталды.

Ал Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы Қадір Бияшов агробизнесі тиімді жүргізудің бір жолы озық инновациялық ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізе отырып, осы бағыттағы ғалымдар бастамасымен практикада қолдану жайлы тарата айтты. Сонымен қатар, сәуір айында облыстың агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту мақсатында облыс әкімдігі мен университет арасында 2016-2018 жылдарға арналған бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп, меморандумға қол қойылғандығын жеткізді.

Ғылыми-практикалық семинарда ғалым Қ.Б.Бияшовтың «Ауыл шаруашылығы жануарларының инфекциялық ауруларының алдын алу және емдеу», Қазақ ұлттық аграрлық университетінің кафедра меңгерушісі, профессор У.Басығаревтың «Ет бағытындағы мүйізді ірі қара малын азықтандырудың баланстық жүйесін өндіру», Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Қ. Бозымовтың құнды ғылыми хабарламалары тыңдалды. Сол секілді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Микробиология және вирусология институтының қолданбалы микробиология облыстық филиалының директоры, биология ғылымдарының кандидаты Е. Шорабаевтың «Қызылорда облысының тұзданған топырағын түйежоңышқа дақылы көмегімен қайта қалпына келтіру және құнарлығын арттыру» атты баяндамасы да малшылар қауымын елең еткізді. Ынта қойылған жиында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, биология ғылымдарының докторы А. Серікбаева «Қызылорда облысында шұбат өндірісінің және оны қайта өңдеудің инновациялық жолы мен тәсілдері» туралы, ал «Дәулет» ЖШС директоры Д. Сәрсенбаев «Қой бордақылап, қозы етін өндірудегі жанашылдық» атты өз еңбектерін көпшілік назарына ұсынды.

Слеттің екінші күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қыраш ауылдық округіне ат басын арнайы бұрып, «Токтамыс батыр» ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты.

Бүгінде іргесі бүтін, шекарасы бекем еліміз талай тарихи талқыдан өтті. Әсіресе, XVII-XVIII ғасырдағы қазақ тарихы ел тағдыры үшін шешуші сәттерге толы, қайғылы да қасіретті кезең болды. Бұл қазақтың өз мемлекеттігі мен тәуелсіздігі үшін күресте жанталасқа түсіп, «найзаның ұшына, білектің күшіне» жүгінген қиын-қыстаулы тарих беттері еді. Атақонысы үшін қынынан қылыш суырып, қысқа күнде жауымен қырық қидаласқан ерлердің бірі Адай Жары Токтамыс батыр болатын. Токтамыс – жауына деген қаталдығы батыр, еліне деген мейірімі

әулие атандырған тарихи тұлға. Қамсыз елге бүйідей тиген жұртқа қарсы қайрат көрсетіп, елге тұтқа, жұртқа ие болған қаһарман. Ұлан-ғайыр жерге көз алартып, пиғылы бұзылған жонғар тым аяусыз, қапыда тиген жаудан бас сауғалаған қазақ тым қорғансыз кезде қандасына қорған болып, елін бейқұт күнге жеткізген қолбасшы.

Батыр басындағы белгі осыдан біраз жыл бұрын манғыстаулық ағайындардың бастамасымен көтерілген еді. Облыс басшысы осы шараға сонау сол өңірден арнайы келген ағайындарға Сыр жұртшылығы атынан ризашылық білдіріп, көне тарих сабақтастырған осы байланысымыз алда да өрістей берсін деген тілек қосты.

Ал «Үсен бауындағы» Малшылар слетінде әуелі осында ұйымдастырылған көрме жұмысымен танысты. Мұнда жаңа технологиялармен жұмыс ұйымдастырған ғалымдар еңбегінің нәтижесіне назар аударып, ғалымдардың пікірі тыңдалды. Малшылар слетінің ашылу салтанатындағы жиында аймақ басшысы Қырымбек Елеуұлы атақәсіппен шұғылданып жүрген еңбек адамдары мен мамандарды шын жүрегінен құттықтап, істеріне береке тіледі.

– Былғы Малшылар слеті кең ауқымды қамтып отыр. Байырғы тәжірибемізді байытумен қатар, жаңа технологияларды енгізу, аймақтың экспорт әлеуетін арттыру негізгі мақсат. Мал басы да жылдан жылға өсіп келеді. Мәселен, облыстағы мал санының ең көп болған уақыты 1993-шы жылмен салыстырғанда қазір мүйізді ірі қара – 30,1%, жылқы – 17,4%, түйе саны 9,6% молайды. Қой мен ешкі саны да өз төлі есебінен осу үстінде. Нақты уақытта облысымызда ірі қара 269,0, жылқы 97,5, түйе 37,4, қой 570,4 мың басқа жетті.

Нарықтық қатынас талабына сай, қазіргі кезде қолдағы малдың 74 пайызы жеке жұртшылық шаруашылықтарына тиесілі екендігі түсінікті жағдай. Оның әлеуетін көтеру үшін мал шаруашылығына ғылыми жетістіктерді, жаңа технологияларды енгізуде батыл іс-әрекеттер керек. Осы мақсатта ізденісті жұмыстар ұйымдастырылып, олардың нәтижелері өз пайдасын беруде, – деді. Сондай-ақ, бізде экологиялық таза өнімдер өндіруге де мүмкіншілік молдығын, сондықтан да осы бағытта тиімді жұмыстарды ұйымдастырып, мал өнімдерін экспортқа шығаруды жүйелеу қажеттігін атап өтті. Қазір қымзыз, шұбат өндірудің жаңа технологиялары қолданысқа ене бастады. Замана талабын сезіне бастаған кәсіп иелерінің осы нық қаламын қолдау қажеттігін жеткізді.

Жиын барысында облыс әкімі сала озаттарын арнайы сыйлықтармен марапаттап, Құрмет грамаоталары мен Алғыс хаттар табыстады. Соңынан концерт беріліп, спорттық шаралар тамашаланды.

Нұрмхан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.



• СЕМИНАР

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңына бірқатар өзгерістер енгізілді. Жұырда облыстық әкімдіктің мәжіліс залында осы заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіруге арналған семинар-кеңес болып өтті. Облыстық мемлекеттік сәулет-қала құрылыс бақылау басқармасының ұйымдастырумен өткізілген шараға мемлекеттік органдардың, ірі компаниялардың, облыстық кәсіпкерлік палатасының, құрылыс және жобалау, техникалық қадағалау қызметімен айналысатын, сарапшы мекемелердің өкілдері қатысты.

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА ҚАҒИДАТТАР

Семинарды ашқан облыстық мемлекеттік сәулет-қала құрылыс бақылау басқармасының басшысы Қанат Мынбаев құрылысты сараптау саласындағы проблемаларға тоқталып өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда, Қызылорда облысында жоба басқарумен айналысатын 74 аттестатталған сарапшы бар. Алайда аккредитациядан өткені тек қана екі мекеме «Фроост-КЗ» және «Экспертиза-2016» ЖШС. Техникалық қадағалаумен айналысатын 739 аттестатталған сарапшы болғанымен, аккредиттелінген 9 сараптама орталығы бар. Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын 25 аттестатталған сарапшы бар, ал аккредиттелген заңды тұлғалар жоқ.

Облыста 549 лицензиат тіркелген болса, оның ішінде: құрылыс-монтаждау жұмыстарына – 413, жобалау жұмыстарына – 109, іздеуіру жұмыстарына – 27. Осы мекемелер нысандардың жобалау немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін өз штатындағы инженерлік-техникалық қызметкерлерін жаңа біліктілік талаптарға сәйкес аттестациядан өткізугі тиіс.

Семинар-кеңесте күн тәртібіне сай 5 мәселе қаралды. Оның ішінде құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптамаларды беру-ге үміттенетін заңды тұлғаларды аккредиттендіру, құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен ота ережелері, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жоба басқарумен айналысатын мекемелерді аккредиттендіру туралы кең көлемде түсініктемелер берілді. Сондай-ақ, күрделі объектілердегі техникалық қадағалау, ғимараттар мен құрылыстардың орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстары жөніндегі инженерлік қызметтерді асыратын заңды тұлғаларды аккредиттендіру мен жобалау, құрылыс процесінде қатысушы инженер-техникалық қызметкерлерді аттестаттауымен аттестациялық орталықтарын аккредиттендіру туралы айтылды.

Өзгерістерге сай, 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап комиссиялық қабылдау Заңнан алынып, тапсырыс беруші, мердігер мекеменің бірге, техникалық және авторлық қадағалаушылардың қатысуымен нысандарды пайдалануға декларациялық әдіспен қабылдануда. Салынып болған нысан бойынша пайдалануға қабылдау актісі бекітілген күннен бастап тапсырысшы үш жұмыс күні ішінде нысанның тұрған жері бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдарына нысанда пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін, сәйкестік туралы декларацияны және орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және олардың бекітілген жобасына сәйкестігі туралы қорытындысын жіберуге тиіс. Сонымен қатар, ҚР Кәсіпкерлік кодексі бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына техникалық қадағалаушылардың қызметін қадағалаудың жаңа түрі енгізілген. Аталған қадағалау түрі тексеріліп жатқан субъектіге қатысты (техникалық қадағалаушы) тексеру туралы актісі құқықтық және арнайы есепке алу органдарына тіркелмейді. Аталған тақырыптар бойынша баяндамалар жасаған басқарма басшысының орынбасары М.Мырзабеков, бөлім басшысы Т.Бөйменов және облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Қ.Бекенов семинара қатысушылар тарапынан қойылған сар түрлі сауалдарға жауап берді.

Ыдырыз ТӘЖІҰЛЫ.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ!

2016 жылдың 3 маусымында «Достық үйінде» (бұрынғы Ы.Алтынсарин атындағы кинотеатр) облыстық Қоғамдық кеңес мүшелері жер реформасына қатысты облыс тұрғындарының ой-пікірлерін, ұсыныстарын тыңдау мақсатында сағат 11.00-де кездесу өткізді. Кездесуге республикалық жер комиссиясының мүшесі, облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Самұрат Жұманұлы Имандосов қатысады. Сіздерді ұсыныстарыңызды білдіруге шақырамыз.

АҚТӨБЕЛІК ДЕЛЕГАЦИЯ – ҚАЗАЛЫДА

Аймақаралық байланыс артып келеді. Ақтөбе облысынан келген арнайы делегацияны қарсы алған аудан әкімі Нәжмадин Шамұратов бастаған қазалылықтар меймандарды өндіріспен таныстырды. Топ құрамы Ақтөбе облысына жақсы танымал «Базис Групп Кз», «Нұралы», «Сермак», «Мерей и К» тәрізді бірнеше ірі серіктестік басшыларынан, БАҚ өкілдерінен жасақталыпты.

Делегация «Рза» АҚ-ның сүт өңдеу кешенінде, Қазалы конфект цехында, Т.Игілікөвтің балық өңдеу зауытында болып, жұмысымен танысты. Алған әсерлерімен бөлісті. Қазалыда кәсіпкерлік саласының қарқынды дамығанына сүйсінген меймандар үйіренуге тұратын жаңалықтар бар екендігін де бүгін қалмады. Сапар барысында ақтөбеліктер ауданның көрікті жерлерін аралады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫҢ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеше «Арай-Санрайз» сауықтыру лагерінде балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша облыстық семинар өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы және облыстық білім, денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт басқармаларының, тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің, сауықтыру лагерлерінің қызметкерлері қатысты.

Білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаевтың мәліметінше, былғы жылы облыс бойынша 1-10 сынып аралығындағы балалар саны – 124994. Оның 93%-ы жазғы демалыспен қамтылады. Ал облыс аумағында жұмыс жасайтын 8 демалу-сауықтыру лагеріне 8 жарым мыңнан астам тұнығынатын болады.

Семинарға қатысушылар аймақтағы сауықтыру лагерлерінің дайындығын саралады. Осы ретте, Рауан Кенжеханұлы «Арай-Санрайз» лагерінің дайындығын жоғары бағаласа, көрсетілген кемшіліктерді жоюда жайбасарлық танытқан «Сырдария» лагерінің мамандарын сынға алды. Бұдан бөлек, өңірдегі барлық лагерлер үздіксіз, жыл бойы жұмыс істеуі қажеттігін ескертті. Сонымен бірге, балалардың жазғы демалысына жауапты мамандарға қауіпсіздікке, санитариялық қағидалардың қатаң сақталуына мән беруді тапсырды.

Басқосуда мамандар жазғы сауықтыру лагерлерінде балаларға арналған мағыналы әрі мәнді, мәдени шаралармен қамтамасыз ету мәселесін көтерді. Әсіресе, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы балалар арасында насихатталуы тиіс. Сондай-ақ, балаларға гигиеналық тұрғыда дұрыс тамақтануды үйрету де сөз болды.

Жиын кезінде ҚР ҰЭМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, «ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ және «САС Қазақстан» серіктестігі арасында өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды.

Сонымен қатар, семинарға білікті мамандар ас мәзірі, қажетті құжаттарды рәсімдеу және басқа да мәселелер бойынша тәжірибелік сабақтар өткізіп, ойлармен бөлісті. Төтенше жағдайлар қызметкерлері де жазда атқаратын жұмыстарын айтып берді.

Дәурен ОМАРОВ.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР САРАЛАНДЫ

– Облыста күрші егу жұмыстары бір-екі күнде аяқталады. Бүгінде аудандардан берілген мәліметтерге сәйкес барлығы 75733 гектар егіліп, оның 70888 гектары суға бастырылып отыр, – деді Ө.Пашкенов.

Ө.Пашкеновтің айтуынша, алда егілген ауыл шаруашылығы дақылдарын күтіп-баптау, үстеп қоректендіру және араминөптерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары тұр. Осы орайда облыс әкімі Қ.Көшербаев барлық аудан әкімдеріне дала жұмыстарын, яғни, көктемгі егін егу науқанын межеленген уақытта аяқтауды тапсырды.

Инвестиция тарту бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен жұмыс барысы туралы баяндаған облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов Еуропалық қайта құру және Даму банкі бойынша коммуналдық қызмет саласында 8 жобаның қолға алынғанын айтты. Оның ішінде жылуден қамту, электр, су жүйелерін жаңғырту және заманауи автобус паркі құрылысы жобаларын қаржыландыру бойынша 4 несие келісіміне қол қойылған. Олардың жалпы құны 103 млн АҚШ долларын құрайды.

Қазақстан Республикасы мен Ислам Даму Банкі арасындағы әріптестік келісімі аясында еліміздің өңірлеріндегі су тораптары құрылыстарын аяқтау жоқарланған. Осыған сәйкес, «Жиделі», «Галап», «Сырдария» су тораптары мен каналдар құрылысын жүргізу көзделген. Бұл жоба «Қазақстанның ауылшаруашылығы» мекемесімен 2013 жылы басталғанды. Құрылыс құны 16,5 млрд теңгеге құрайды. Жоба банк тарапынан қолдауға ие болған.

С.Сүлейменов сонымен қатар Азия Даму Банкімен бірге қолға алынған жобалар туралы да жан-жақты айтып өтті.

Облыс әкімі қазіргі дағдарыс кезінде инвестиция тарту маңызды мәселе екеніне тоқталып, бұл жұмыста белсенді болуға шақырды. Сондай-ақ, келген инвесторларға жағдай жасау, оларға көзқарасты дұрыстау керектігін баса ескертті.

– Инвестор тарту мәселесінде кәсіби біліктілікпен бірге жанашырлық қажет. Келген инвесторларға жеке мүдделерін күйттеп, талап қояна жол бермейді. Егер мұндай жағдай орын алса ешкім аяушылық көрмейді. Осыны ескертемін.

1-бет

• БРИФИНГ

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиында Садық Шоңмұрыңұлы басқарманың атқарған жұмыстары мен алға қойған мақсаттарына тоқталды.

БРАЗИЛИЯҒА БЕС СПОРТШЫМЫЗ БАРАДЫ

Басқарма басшысының айтуынша, облысымызда спортпен шұғылданушылар саны 192 885 адамды құрайды. 2009 жылдан бастап спорт нұсқаушыларын тарту үшін жыл сайын облыстық бюджеттен 100 млн теңгеге жылы қаражат бөлінуде. Былдың өзінде осы мақсатқа 106,3 млн теңге қарастырылған. Аймағымыздың 133 елді мекенінде 263 спорт нұсқаушылары жұмыс жасап, нәтижесінде 41 580 адам тұрақты дене шынықтырумен шұғылданады.

Тұрғындардың дене шынықтырумен айналысуына барынша жағдай жасау мақсатында 14 елді мекенде дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің жобасы әзірленіп, Әйтеке би, Жаңақорған, Теренозек кенттері мен Шаған, Н.Лиясов ауылдарында бірқатар спорттық кешендер пайдалануға берілді. Ұлттық ат спортын дамыту мақсатында 3 мың орындық ипподром салынып, Бөке орталығы бөй көтерілді. Қазіргі таңда аймағымызда 2095 спорт ғимараты жұмыс жаса-са, оның 1386-сы ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 38

бірлікке артып отыр. Жылдағы дәстүр бойынша салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 1500-ден астам спорттық шара ұйымдастырылса, үстіміздегі жылдың бастапқы бес айында 445 шара өтіп, оған 45 264 адам қатысты.

Аймақ спортшылары ел чемпионаттарында 523 медаль жеңіп алды. Ал ағымдағы жылдың алғашқы бес айында ҚР чемпионаттарында 288 және Әлем, Азия чемпионаттарында 11 медаль иеленді. Сонымен қатар, 12 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 32 спорт шебері және 324 спорт шеберіне үміткерлер дайындалып, нәтижесінде еліміздің Ұлттық құрама коман-дасына 395 спортшысыз еніп отыр.

Алдағы уақытта Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласында өтетін XXXI жазғы Олим-пиада ойындарына облысымыздан 5 спорт-шы қатысады деп күтілуде. С.Мұстафаев спортшылардың дайындық қарқынының жоғары екенін атап өтіп, оларға сенім білдіретінін жеткізді.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

www.syrboyi.kz

БАУ-БАҚША ӨСІРУГЕ БЕТБҰРЫС

Еңбек етсең – емерсің. Аудан әкімі Нажмадин Шамұратовтың ауылдарды жағалап, тұрғындарымен кездесуінен осыны пайымдадық. Дала еңбеккерлерінің нақты жағдайын көзімен көрген Нажмадин Шөкізадаұлы тұрғындармен кеңінен пікір алысты. Ең алдымен өзінің орынбасарларымен бірге Ғ.Мұратбаев ауылындағы орталық саябақтағы көркейту-кеғалдандыру жұмыстарымен танысқан аудан әкімі мұндағы жұмыстарға ризашылығын білдірді. Жасыл желекке оранған ауылдағы саябақ көпшіліктің жиі бас қосар орнына айналған.



Тұрғындармен жүздескен әкім Тәуелсіздігіміздің торқалы тойы аясында аудан көлемінде атқарылатын көлемді шараларды, жұмыр құрылысы басталатын нысандар жөнінде әңгімелесіп. Өз кезегінде ауыл тұрғындары жаңа жобаларды әрқес қолдайтындарын, аудан әкімінің бастамасына орай бау-бақша егуді бастап кеткендігін жеткізді.

Аудан әкімі келесі кезекте Қарашенгел ауылдық округіндегі «Жалантос баһадүр» ЖПС-ның естігіт алқабында болды. Мұнда қазір бақша өту мақсатында жер дайындалуда. Оның 1 гектарына ауыл тұрғындары бау-бақша өнімдерін егумен айналыспақшы. Кездесуде аудан әкімі бақшалық жерлерді қоршаға, суын жеткізу мен алынған өнімдерді өзге облыстарға қиындықсыз өткізуге қолдау білдіретіндігін жеткізді. Ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дәуітов жастарды еңбекке баулып, адал табыс табуға шақыртын осындай ит қадамын ризашылығын білдірді. Нажмадин Шәкіззадаұлы мұнан соң К.Пірімов атындағы №103 мектеп жанындағы жылжыай жұмысмен де танысты. Жылжыайда кәзіргі таңда 200 түт қияр, 100 түт помидор, 70 түт гүл өсірілген.

Күмшек пен Басықара ауылдық округтерінің тұрғындармен кездескен Нажмадин Шамұратов Жанжоқа батыр ауылында аялдап, елдің тыныс-тіршілігін етене танысты. Ауыл бойынша 30 отбасы бау-бақша егуді қолға алған. Солардың бірі Жетісбай Қарасаев асқабақ, бауын, картоп етіп, қысқы азықты дайындауға кірісіп кеткендерін, осыған дейін басты қиындық саналатын отбасынан артылған өнімдерді өткізуге жабын Ақтөбе облысының жұртшылығы алуға ниетті екендігін айтқан аудан әкімінің лебіні түіндіп тарқатуға үміттендір, бақша көлемін ұлғайттуға бет бағалағанын жеткізді. Ауыл тұрғындарымен болған жүздесуде еңбек ардагерлері Қуаныш Ұйқасов, Әли Шайкел аудан әкімінің бастамасын қолдайтындарынан, бақша етуге ауыл азаматтарының жұмылуын ұйымдастыратындықтарын айтты. Осындай кездесу Ақтан батыр ауылында, Қазалы қаласында жалғасын тапты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

ЕЛБАСЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ МЕН ҚОҰЫ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ АРНАП «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығын құрметтеп аяп ету мақсатында, басыа және электрондық бұқаралық апарат құралдары қызметкерлері арасында «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» тақырыбы бойынша алауға тарихи оқиғалар арнаған таңдамалы материалдарға ашық конкурс жариялады.

Конкурсның мақсаты – елдің тәуелсіздік жолындағыдағы жетістіктерін көрсету, Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев мәдениеті», Елбасының идеялары мен бастамаларын танытамы ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

- 1) «Үздік теледидар материалы»;
- 2) «Үздік радиоматериалы»;
- 3) «Еңгеттер мен журналдардағы үздік мақалар»;
- 4) «Алашорты БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Номинациялардың арақасысы бойынша жеңімпаздарға 1 миллион теңге мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, әр өкілші және үшінші орындар үшін тиісінше – 500 мың және 200 мың теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен омырауға тағатын белгілер тапсырылады.

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қазақларда облысының әкімдігі ҚАУЫН ЕТГЕДІ: 1. «2016 жылғы арналған бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қазақларда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы №303 қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізбегінде № 3316 тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Қызылорда» жеңісті газеттерінде 2016 жылдың 28 қаңтардағы жарияланған) келісетін өзгерістер енгізілген;

2) аталған қаулымен бекітілген техникалық-экономика негіздемелерін әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ оларға қақетті сарпашмалар жұртту «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспары» басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөліметін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2016 жылғы арналған бюджеттік инвестициялық жобаларын Тіркесіледі;

«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі 1 бөлімнің;

реттік нөмір сөйінші жолы жаңа редакцияда жазылсын: «4 «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы газ тарту желілерінің құрылысы», «Қызылорда қаласы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын жүзеге асырғышта» бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін мемлекеттік сарпашмалары отқыз 4 326 »;

Қызылорда облысының мемлекеттік қызметшілерінің арасында «2016 жылдың Үздік мемлекеттік қызметшісі» конкурсын өткізуге туралы ЕРЕЖЕ

Мемлекеттік қызметшілер күні аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы қалалық департаментімен (бұдан әрі – Департамент) Қызылорда облысының мемлекеттік қызметшілері арасында облыстық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізіледі.

1. **Конкурсның мақсаты** Мемлекеттік қызметті дәртіпте және оның мықынды нығайту, мемлекеттік қызметшілердің мәртебесін көтеру.

2. **Үміткерлерді ұсыну тәртібі** Конкурсқа жәртіптің атқарушы органдардың, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілері қатыса алады.

3. **Қатысуар аласы** 3.1. Қатысуар аласына торағандағы еке мүшесілерінен құрылады. 3.2. Қатысуар аласының құрамына 5 адам кіреді, оның 4-і үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері.

4. **Конкурс өткізуге тәртібі** 4.1. Конкурс екі кезеңмен өткізіледі – іріктеу айналымы және финалдық кезең. 4.2. Іріктеу айналымы 2016 жылдың 10 маусымда; 4.3. Финалдық кезең 2016 жылдың 17 маусымда өткізіледі.

5. **Үміткерлер, іріктеу айналымы.** Конкурсқа қатысатын мемлекеттік қызметші Департаментке электрондық немесе қағаз түрінде келесі құжаттарын (әрі қарай – құжаттар) тапсырады:

– Қатысуға тапсырыс (ерін түрде топырақтарды, қатысушылардың жеке басы, жұмыс орны мен науаымы, байланыс телефоны (жеке пошта, жеке-жайы) туралы мәліметтері қамтуға тиіс);

– жеке куәлік көшірмесі;

– Бірінші кезеңде конкурстық комиссия үміткерлердің әсселерін қарап, үздік 10 есе ауыорын іріктеді. Конкурсның финалдық кезеңіне іріктеу айналымынан өткен үміткерлер

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік әкімшілік қызметінің «А» корпусының қазір резервие ісметын арнайы талаптарға сәйкес келетін кандидаттардың сұлуы қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Осы бағытта, «А» корпусының қазір резервие ісметал кандидаттардың сұлуына кіруге барлық инет білдірушілер, оның ішінде, өзіндікмемлекеттік және жеке сектор өкілдері 2016

● БҮГІН – САЯСИ ҚҰҒЫН–СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛАЛАР ТАҒДЫРЫ

Қазақ даласына жойқын аштық келгенде ең қорғансыз әлеуметтік қауым – балалар шексіз жапа шекті. Мұрағат қорындағы аштық кезіндегі құжаттарды зерделесек, 1932 жылы 28 ақпанда өткен Қызылорда аудандық атқару комитеті мәжілісінің күн тәртібінде көшіп-қоныстанушылар мен панасыз балаларды орналастыру мәселесі қаралып, панасыздықпен күрес бөлімінің жұмысы сынға алынды. Азық-түлікпен қамтамасыз ету дұрыс жолға қойылмаған, есебі жүргізілмеген, желтоқсан айында берілетін азық-түлік қаңтар айының соңында үлестіріліп, талан-таражға түскен. Кінәлілерді жауапқа тарту ұсынылған. Ақтөбе облысынан және Қарсақпай ауданынан келіп жатқан көшпенділер мен панасыз балалар саны күннен-күнге көбейген.

Осыған орай балалар өлімі көбейе бастады. 1933 жылғы Қызылорда аудандық атқару комитетінің панасыз балалар қозғалысы және балалар өлімі туралы берген мәліметінде: «1 қаңтардан 20 ақпан аралығында панасыз балалар саны барлығы – 1311, балалар үйіне орналас-тырылғаны – 100%, 434, кооперативтік компанияға жіберілгені– 34, мекемеде жұмыс істеуге – 2, «Өншево» совхозына жіберілгені – 20, яслиге 105-і жіберілді. Өлген балалар саны – 315. Ескерту: бала-лардың өлімінің себебі аштықтан әлсіреу» – деп көрсетілген. Ал осы жылдың қаңтар-маусым аралығында 1820 бала үй жағдайында және яслиде аштықтан өлген. Осыдан кейін жиналған панасыз балалар Қазалы, Қармақшы, Теренөзек, Түркістан балалар үйлеріне жіберілген.

1932 жылғы 8 желтоқсанда өткен Қызылорда аудандық білім бөлімінің мәжілісінде балалар үйлерінің тексеру қорытындысы талқыланды. Мұнда бала-лардың денсаулығының нашарлауы, азық-түліктің, киімдердің жетіспеушілігінен балалардың сабаққа қатысуы төменде-гендігі туралы айтылып, талқыланды. Осы мәжіліске қатысқан мектепке дейін-гі балалар үйінің меңгерушісі В.Иши-мова жағдайды былай деп баяндайды: «В районО нет едыницы, которая за-нималась бы укомплектованием детских домов. Главный упор взят на борьбу с беспризорностью, а мы не боремся,

а создаем беспризорных. Сейчас дети поступают в детские дома без всякого учета и даже без обследования врача. В районО имеется дошкольный инспектор, но руководства не дает работать и отсюда вытекают слабая воспитательная работа и большой вопрос сейчас детям не возможно посещать школы из-за отсутствия одежды, обуви».

Қызылорда ауданы бойынша уәкі-летті өкіл Қосмұхамедов Оңтүстік Қазақ-стан облыстық партия және атқару ко-митетіне былай деп хат жолдайды: «1933 жылғы 16-ақпандағы менің хатыма ко-сымша төмендегілерді хабарлаймын: мұқтаж тұрғындарға азық-түлік көмегін берудің реттелуі және жаппай түсіндірме жұмыстары секілді орталықтың, сондай-ақ облыстық және жергілікті органдардың тарапынан қабылдаған із-шараларға бай-ланысты Қызылорда ауданынан халық-тың көшуі тоқтады деуге болады. Сон-дай-ақ, аудан шекарасынан асып көшіп кеткен тұрғындардың қайта оралған жағдайларының аз болмағанын да айта кету керек. Соңғы аталған топқа олардың қажеттілік деңгейін және қандай топқа жататынын ескере отырып өзге мұқтаж тұрғындарға қарағанда азық-түлік көмегі көбірек беріледі. Сонымен қатар, өзге аудандардан көшіп келушілер саны күрт өсті. Мысалы, 1933 жылдың 15-ақпанында Қарсақпай ауданынан көшіп келгендер

саны 211 шаруашылықты құраса, осы жылдың 5 наурызында мұндай шаруа-шылықтар саны 291-ге жетті немесе 631 адамды құрады. 1933 жылдың 15 ақпа-нында Ақтөбе облысының Батпаққара, Қостанай, Торғай, Ырғыз аудандарынан көшіп келгендер 624 адамды құраса, осы жылдың 5 наурызында бұл сан 637 адамға дейін өсті. 1933 жылдың 15 ақпанында панасыз балалар саны 1229 болды. Бұл сан 5 наурызда 1612-ге жетті. Облыстық атқару комитетінің өкімімен панасыз балаларды жинау тоқтатылды. Панасыз балалардың жоғарыда көрсетілген санына қарамастан облыстың панасыз балаларды қабылдауға арналған контингенті 475 бірлікті ғана құрайды және аудандық үйлімдардан, өлкелік өкілдерден балалар үйлерін қамтамасыз етуге қосымша азық-түлік, арнайы киімдер мен төсек-орын жабдықтарын жіберулерін, қызмет көр-сететін персоналдар санының балалар санымен сәйкес келмеуі секілді жайттар бірнеше мәрте айтылғанымен өзгеріссіз қалады.

Осының нәтижесінде балалар пана-сыздығымен күресетін аудандық үштік балаларды қамтамасыз ету үшін бекітіл-ген контингенттен жоғары, өзге мақсат-тарға арналған қаржылар мен азық-түлікті балаларға жұмсауда. Балаларды қамтамасыз ету жағдайы ыстық тамақ пен өзге де қосымша азық-түліктің, әсіресе

майдың жетіспеушілігінен қиындап тұр. Сондай-ақ аяқкиімнің, іш киім мен төсек-орын жабдықтарының жетіспеушілігі өте қатты сезілуде. Аудандық ұйымдар бірнеше мәрте Ақтөбе және Қарсақпай аудандарына хабарласып, арнайы өкілде-рін жіберулерін, өкілдердің сол аудан-дардан көшіп келген тұрғындарды ұйым-дастырып, тұрғылықты жерлеріне алып кетулерін сұрағанымен нәтиже болмауда. Осы жайтқа облыс пен өлкелік үкіметтің араласуы қажет болып тұр»

1933 жылы 20 мамырда республикалық панасыздықпен күрес штабының төр-ағасы С.Мендешевтің қатысуымен бәла-лар панасыздығын жою, онымен күрес жүргізуге айлығын өткізуге туралы мәжіліс өткізілді. Күн тәртібінде балалар пана-сыздығын біржолата жою және өңірдегі балалар үйлерінің материалдық жағдай-ларын, ондағы балалардың денсаулық-тарын жақсарту мәселелері бойынша рес-публикалық аялық өткізуге жоспары қара-лып, бекітілді. Бұл бойынша мекемелерге тапсырмалар берілді.

Халық ағарту комиссариатына балалар үйі үлгісіннің бірыңғайлығын тексеру, ғимараттарға жөндеу жұмыстарын жүргі-зуге тапсырылды. Денсаулық сақтау сапа-сының жауапты адамдары балалар үйін-дегі балаларды жаппай дәрігерлік тексе-руден өткізіп, ауру балаларды арнайы емдеу изоляторына орналастыру, жүйелі түрде жуынатын монша жұмысын және санитарлық-тазалық үйірмесін ұйым-дастыру жүктелді. Қазақ Кеңестік кәсіп-одақ жүйесіне балалар үйін қамқорлыққа алған мекемелер арасында жарыстар ұйымдастыру, аялық бойы спектакльдер, концерттер, қойылымдар ұйымдастырып, түскен қаржыны балалар панасыздығын жою мақсатына жұмсау тапсырмасы берілді. Сондай-ақ барлық балалар үйін клубтармен, балалар бөлмесімен, үзіліссіз азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету керектігі міндеттелді.

Материалға негіз болған деректер об-лыстық мемлекеттік архивтің қорынан алынды.

Жанат АЛТЫНБАЕВА, облыстық мемлекеттік архивтің бөлім басшысы.

● ЕСТЕЛІК

Бұрын фотолар сақталған альбом әрбір үйдегі көделі бұйымның бірі еді. Қазіргі заман үрдісі оны да ұмыттырды. Керегіңді компьютердің жадына жасаң болды қажет кезінде бір түймесін басып, тауып ала қоясың. Тіпті ғаламаттар арқылы күллі әлемге таратып жіберу де түк емес.

келген көмегін беріпті. Бірақ, «Дарақ та бір жерде көктейді» деген емес пе бабаларымыз, Тобыжан атамыңның шөй әйелі – біздің әжеміз жаңа қонысты жатсынып, оншақты жыл бала көтермей жүріп қалыпты. Тек 1936 жылы ғана менің әкем Махамбет дүниеге келеді. Бұл кезде біздің үй Балх провинциясының астанасы оңалатын Мазари-Шариф қала-сына қоныс аударған екен. Еті жаман, ша-пан тіккен ағайындар осы қалада елбесіп-селбесіп күн көреді. Бір қызығы, ежелгі славяндардың дворяндары киетін жеңіл

Бөрібейдің үйіне түсіп, сол арқылы ағасы Әбібулламен сөйлескені бар.

Жаратқанның өзі әлемнің әр қиырын-дағы туыстарды пенде баласының ақылы жетпесе тылсым арқылы осылайша байланыс-тырып тұршыты.

ТУҒАН ЖЕРГЕ БЕТ АЛҒАН ҚОШ

– 1993 жылы әкемінің інілері Тразонға келгенін айтып, хабарласты. «Бас-аяғы он



Махамбет Тобыжанов Ауған әскерінің сапында

киім – жұпан аталыпты. Ол кәдімгі біздің осы шапан. Ал ауғандықтар «чапан» дейді. Мазари-Шарифтің базарында көздің жауын алып тізіліп тұрған сол чапондардың біразын біздің әкелеріміз тіккен.

МАЗАРИ-ШАРИФТЕ ТУҒАН ШӨРІБӨТ

– Мен осы Мазари-Шариф қаласында 1959 жылғы дүниеге келіпін, – деп сөзін жалғыз Шәкен. – Осында мектепке бардым, парсыша сауатымды аштым.

Бұл кезде елде қалған Тұраш та өсіп, білім алып, мектепке орналаасқан кезі екен. Бүркеншік фамилия жарылып өскен жігіт, есейе келе тегін іздеп, жан-жаққа сұрау сала бастайды. Латын қарпімен жазылған осындай хаттын бірі Мазари-Шарифтегі ағайынның қолына тиіп, кезінде Қармақында сауат ашқан Үмбігүлісіміңн оқуымен ол жақтағылар да Тұраштың тірлігінен хабар алыпты. Бауырларын туралы бір дерек шық-қасын еті тірі жігіт Ауғанстандағы ағай-ынмен қауымдады. Елге келесін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы Николай Подгорныйға дейін барып, шетелдегі туыстарды Қазақстанға уақытша тіркелуге рұқсат алыпты. Осылайша 1972 жылы шілдеде Тобыжанның ұлы Махамбет отбасымен Қармақында қоныс тебелі. Ауғанстанда 5 сыныпты бітірген Шөрібөт мұнда қайтадан 1-сынып партасына оты-ралы. Туған жерінен амалсыз ажыраған-дардың алды араға 50 жылдай уақыт салып, атамекеніне осылай оралып еді.

Ал Махамбеттің інілері Әбібулла мен Абдолла 1978 жылғы сәуір революция-сынан кейін демократиялық республика болып құрылған Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға жіберілген совет әскерле-рінен сексенші, Сауд Арабиясына қоныс аударыпты. Олармен Түркияда кездесуге келісіп, жолдамамен барған сапарында Тұраштың миллиондаған адам сапыры-сып жатқан Стамбулдан Ералы, Зейнал аяты туыстарын тауып алуы да адам санасы сенгісз оқиға еді.

Қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазМу-дың философияны шығартау бөлімін бітірген Шөрібөтдің сексеншінің жылдар-дың соңында шетелдермен мәдени байланыс жасайтын «Шет» қоғамында жұмыс істегені бар. Ол кезде Иран қазақтары Қазақстанға Түркия арқылы келетін. Осы мәселе бойынша сөйлесіп отырған қасындағы орыс қыздың телефон тұтқасын бұған ұстата қойғаны... Арғы жағындағы дауысты естігенде жігіттің жүрегі бір аунап тұсады болады. Бұл тарыдай шашылған туыстардан қалған тұяқтың бірі Ералы ағасы еді. Одан кейін де бірінші сыныпта бірге оқыған досы



тамағын әзірлеп шамалы қызмет етті. Ол алты жасында елден кетіп, кейін Пәкістан мен Үндістандағы бар қазақты Түркияға жинаған қария түрік бауырлардың қазаққа деген ықыласы жайлы тоғіте айтты еді сол жолы. Стамбулға барғаннан кейін Халифа Алтайдың үлкен ұлы арнайы іздеп келіп, бұларды үйіне шақырды. Қайтарында аскақалдың жұмыс бөлмесінен қалаған затын алуды өтінді. Сөйтсе, бұлардың көмегіне көңіл толған дін қайраткері ұлына «Шөрібай балама көтергеніңне дүние арқалатын жібер» деп тапсырыпты. Шәкен аскақалдың өзі аударған Құран-кәрім мен Қазым-шарифтен біразын алып, елге келген соң ағайында таратып беріп еді.

Бір суреттен басталған сыр осылайша өрілді. Тағдырдың жазуымен сырт жүрген қандастарымызды «Елім!»-ді ел еміркенген Қазақстанымыздың тәуелсіздігіне түбеде деді. Атажұртына асыққан ағайынның көші жалғасты болсын деп тіледік.

МАҚЫНҰЛЫ.

● ЗЕРДЕЛІЛЕР ОЙЫНЫ

«МЕРЕЙ» ШАХМАТ МЕКТЕБІ ШАҚЫРАДЫ

Елімізде шахмат спортына оң бетбұрыс жасалмақ. Ақыл-ойды дамытып, зиялылыққа бастайтын зерделі ойын мектеп бағдарламасына енгізіледі деп күтілуде. Айта кетейік, соңғы жылдары зияткерлік ойынның көкжиегі кеңейіп келеді. Тіпті осы салада әлемдік додаларда топ жарып жүрген ұл-қыздарымыз да жетерлік. Аталған спорт түрінен үйірмелер де баршылық. Жуырда облысымызда «Мерей» шахмат мектебі ашылды.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғимаратында ашылған білім ошағында бүгінде балабақша мен мектеп оқушылары тәлім алуда. Оларға аталған спорт түрінен жоғары дәрежедегі үш тәлімгер сабақ береді. Жаттықтырушы Александр Ким «Шахмат ойыны тек логикаға құрылғандықтан дәріс алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты мұнда тек уақытпен ғана үйренеді» – дейді. Яғни, аталған спорт мектебіндегі оқушылар аптасына үш рет жаттығады. Балабақша бүлдіршіндері күніне 30-45 минут тәлім алса, ал мектеп оқушылары 1 сағаттан жаттығады. Ашылғанына көп уақыт болмаса да мектеп оқушылары облыстық байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп үлгерді.

«Мерей» шахмат мектебінің директоры Сұлтанкүл Тұяқбаеваның айтуынша, білім ошағының жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға үлесі зор. Мектеп басшысы «Шахматты тек спорт түрі деп қарамай мектеп бағдарламасына енгізу керек» – дейді. Оның айтуынша, кезінде Армения елі екі мектепке тәжірибе ретінде шахматты жеке пән ретінде енгізген. Нәтижесінде басқа мектептің оқушыларына қарағанда мұндағы тәлім алушылардың есте сақтау қабілеті мен ой-өрісі 20 пайызға артқан. Бүгінде «Ш.Есенов атындағы республикалық қор» осы бастама-



зығушылығы басым екенін аңғартады. Білім ошағының басты мақсаты – әлемдік додаларда топ жарып жүрген спортшыларымыздың

ізін жалғастырушы жастарды қалыптастыру. Мұндағы оқушылардың белсенділігіне тәнті болған тәлімгерлер көздеген мақсаттарына жетегіндеріне де сенімді. Бүгінде «Ш.Есенов атындағы республикалық қордың» қолдауымен шахмат спорты жайында методикалық кітап жазылып жатыр. Аталған туындыға Қорқыт ата атындағы ҚМУ ғалымдарының қосқан үлесі зор. Әдіс-темелік кітап жарыққа шыққан күннен бастап, «Мерей» шахмат мектебі оқушыларына дәріс беруге қолданылады.

Ресейдің Мәскеу қаласындағы шахматқа арналған университетіне оқуға түсуге Сыр еліне үш грант бөлінген болатын. Бүгінде аталған оқу орнына ҚР Шахмат федерациясы облыстық филиалының атынан екі оқушы түсетін болады. Алдағы уақытта өңірдегі шахмат мектебінің көкжиегі кеңейіп, қатысушылар саны артқан жағдайда Мәскеуден оқып келген балаларды жұмысқа тарту көзделуде.

Шахмат әлемдегі кең таралған ойындардың қатарында. Тұлғаның ой-өрісін, есте сақтау қабілетін арттыруда маңызы зор. Американдық публицист Ричард Бах «Ең әсерлі білім – сені жеңе алатын баскеселеспен шахмат ойнау» деген болатын. Ғалымдардың айтуынша, күрделі математика ғылымын шахмат ойыны арқылы тез меңгеруге болады. Шахмат спортының тарихы тереңде. Англияда алғаш жарық көрген кітап шахмат жайында екен.

Өңірімізде ашылып, жастарды зерделі білімге баулып отырған «Мерей» шахмат мектебінің бұл қызметі құптарлық іс.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

Көркемсурет галереясында Қазақстанның Еңбек Ері, ҚР Көркем академиясының академигі Олжас Сүлейменовтің 80 жылдық мерейтойына арналған көрменің ашылу рәсімі өтті. Оған ҚР Көркем академиясының академигі Ермұқан Жүнісхан, ҚР Суретшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Абай Бейсембетов, жергілікті зиялы қауым өкілдері, суретшілер, өнер қайраткерлері мен студенттер қатысты.

АҚЫН МЕРЕЙТОЙЫНА
АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Шараны ҚР өнер қайраткері, Көркемөнер Академиясының академигі, белгілі суретші Қайырбай Закиров ашып, өткізіліп отырған көрменің маңыздылығы жайында тарқата айтып берді. Көрмеге галерея қорында сақталған Ә.Кастеев, А.Ғалымбаев, Г.Исмаилов және Сыр елінің елімізге белгілі қылқалам шеберлерінің қолынан шыққан 50-ге жуық кескіндемелік шығарма қойылды.

Жында сөз алған Ермұқан Жүнісхан ақынның мерейтойына арналған көрменің жоғары деңгейде өтіп жатқанын тілге тиек етті.

– Был ақынның мерейтойы тек республика көлемінде ғана емес, жалпы түркі тілдес халықтар арасында кең көлемде аталып өтуде. Себебі Олжас түркі тектес халықтарға ортақ тұлға. Сондай-ақ, бүгінгі өткізіліп отырған көрменің жастар

үшін маңызы зор. Оларды патриотизмге баули отырып, ақынның шығармашылығымен жіті танысуға және жергілікті суретшілердің туындыларын тамашалап, сурет өнерінің қыр-сырын білуге септігін тигізетін болады, – делі – Е.Жүнісхан.

Көрмеге Олжастың жас кезіндегі портреті қойылды. Сурет авторы



Сара АДАЙБАЕВА.

Қайырбай Закиров өз ойын былай өрбітті. – Облыстың белгілі суретшілері мен Көркемсурет галереясы бірігіп, осы көрмені ұйымдастырдық. Көрмеге ақынның шығармашылығынан арқау алған еңбектерімізді қойып, көрермен назарына ұсынып отырмын. Бұған дейін оның есейген шағындағы суретін салған едім. Ол портрет мәдениет басқармасы арқылы ақынға тапсырылған. Сондағы қуанышы да ерекше болыпты. Жақында Шымкент қаласында болып қайттым. Онда Олжастың жас кезіндегі суреті қойыма түсті. Соны пайдаланып, ақынның портретін жасап шықтым. Алдағы уақытта суретті ақын ағамызды кездестіріп жатсам, сый ретінде ұсынамын, – дейді Қайырбай Закиров.

Екі күнге созылатын көрме көрермендерінің қатары мол болды.

ҚАЛАМҒЕР ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Өткен сенбіде белгілі журналист, еңбегімен ел есінде қалған Сыр елінің айтулы азаматы Нұрділда Уәлиұлына арналған ескерткіш тақтаның ашылу рәсімі өтті. Шарада ағамыздың әріптестері мен замандастары, бірқатар ел ағалары мен ағайын-туыстары жиналып, қарымды қаламгердің шығармашылығы мен өнегелі өмірінен естеліктер айтты.



– Қарымды қаламгер Нұрділда Уәлиұлы – өнегелі өмірімен өз ортасына сыйлы бола білген азаматтарымыздың бірі. Оның қаламгерлік қызметі мынанан өрбіген әрбір шығарма өз оқирманын қызықтырмай қоймайтын. Сыр өңіріндегі бірқатар басылымдардың бөделін көтеруде аянбай еңбек етті. Бүгін міне, ортамызда жоқ болса да, есімінің ардақталып жатқанына куә болып отырмыз, – делі соғыс және еңбек ардагері Тәнеш Оразов.

Қ.ҚАЙРАҚБАЕВ.

1 МАУСЫМ - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР			
№	Іс-шара атауы	Өткізілетін уақыты	Өтетін орны
1	1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай мерекелік шара	1 маусым күні сағат 09.00-де	Қалалық мәдени-демалыс паркі
2	1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай мерекелік шара	1 маусым күні сағат 10.00-де	«Арай» спорттық сауықтыру кешені
3	«Балалықтың мініп кемесін, бақытқа қарай жүзесің!» атты шара	1 маусым күні сағат 10.00-де	«Атамекен» балалар ауылы
4	«Өрқанша күн сөнбесін!» мерекелік шара	1 маусым күні сағат 10.00-де	Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы
5	«Бала – елдің ертеңі» атты балалар ертеңгілігі	1 маусым күні сағат 11.00-де	Облыстық филармония (бұрынғы теміржолшылар паркі)
6	Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық театры жаңындағы «Нартай бүлдіршіндері» тобының балаларға арналған «Ауыл иті Ақбай» атты қойылымы	1 маусым күні сағат 11.00-де	Н.Бексезанов атындағы қазақ музыкалық драма театры
7	«Әлім баланың көзімен» атты балалар сурет салу байқауы	1 маусым сағат 10.00	Қорқыт ата кешенінің амфитеатры

ХАБАРЛАНДЫРУ

8-маусым күні сағат 11.00-де Мемлекеттік қызмет істері министрі Талғат Донаковтың халық алдында есеп беру кездесуі өтеді.

Сұрақтарды кездесу барысында, министрлік сайты арқылы, сонымен қатар жедел желі (тел: 8 (7172) 75-34-54, 75-34-56) арқылы қоюға болады. Жедел желі арқылы дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін хабарласуға болады.

Өтетін орны: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 4, «Қазмедиа орталығы» ғимараты, киноконцерттік залы.

Аймақтар тұрғындары үшін сұрақты онлайн жүйесі арқылы қою мүмкіндігі бар бейнеконференц байланыс қамтамасыз етіледі.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Жалмағамбетова Гулбану Ондасыновнаның атына Қазақ Мемлекеттік басқару академиясының «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша 19.12.1996 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖБ-П №0129256 дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛУЫ ТИІС

Еліміздің барлық өңірлерінде “Қазақстан балалары – нұрлы болашақ” республикалық акциясы шеңберінде үстеміздегі жылдың 1-12 маусым аралығында “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” ұлттық ақпараттық науқанын өткізу жоспарланған болатын. Осыған орай 27 мамыр күні облыс әкімі аппаратының “Қоғамдық келісім” коммуналдық мекемесі “Достық үй” ғимаратында облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен аймақтық конференция өткізілді.

Конференция жұмысын облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев қысқаша сөз сөйлеп ашты.

– Жыл сайын Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында еліміз бойынша дәстүрлі акция өткізіледі, – делі басқарма басшысы. – Биылғы акция шеңберінде мүмкіндігі шектеулі балалар арасында “Таң Шолпан” республикалық конкурсы өткізілген-ді. Облыстың өнерпаз балалары арасынан үздік шығып, республикалық кезенге жолдама алған 12 бала қазір “Балдәурен” оқу-сауықтыру орталығында демалуда. Айта кетерлігі сол, Сыр өңірінен жеке дамуында ауыр бұзылыстары бар балалар республикалық кезенге тұңғыш рет қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленді.

Биылғы акцияның тағы бір ерекшелігі, оның жылдағыдан ертерек басталғандығы. Соуір айында бастау алған акция “Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн” ұлттық ақпараттық науқанымен одан әрі жалғасуда. Себебі, жазғы қаникул күндері көмелетке толмаған балаларды мезгілсіз

ауыр жұмыстарға пайдалану, олардың демалысын болдырмау кең қанат жаяды. Балалар еңбегі дамуының негізгі себептерінің бірі, ата-ананың өз міндеттерін толық орындай алмауында, көп ретте ішімдікке салынуында жатыр. Осы кезеңде тұрмысы төмен, қолайсыз отбасы балалары қайыр сұрауға, бауырлары үшін тұрақсыз табыс жұмыстарына баралы. Мектепте бұл балалар жалпыға міндетті оқу қоры жеке демеушілер есебінен ыстық тамақ, оқу құралдары, киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Мәселен, облыс бойынша тұрмысы төмен 8123 отбасындағы 16525 балаға жалпы міндетті оқу қоры есебінен өткен жылы 888213,6 мың теңге қаржы бөлініп, игерілсе, қоспикерлердің қолдауымен 11465 оқушыға 70394,0 мың теңгенің көмегі көрсетілді. Алайда, бұның бәрі табысы жоқ отбасының қажеттілігін өтей алмайсы анық. Сондықтан да мұндай отбасы балалары күнкөріс үшін қандай іске де барары сөзсіз. 12 күндік науқан аясында “Түнгі қаладағы балалар”, “Жасөспірім” профилактикалық рейлдері

жүргізіледі. Айтарлығы, 14 жасқа толған балалар ата-анасының не заңды өкілдерінің келісімімен сабақтан бос уақытында денсаулығына зиян келтірмейтін жұмыспен айналысуына құқы бар.

Конференцияда облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының мемлекеттік еңбек инспекторы Нұрбек Жапаков, облыстық ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция майоры Манарбек Есжанов, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Аманжол Алдажаров, облыстық ішкі саясат басқармасы жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Мая Тасқынбаева түрлі тақырыптарда баяндама жасап, көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, олардың еңбектерін реттеу ерекшеліктері жайында сөз етті. Сонымен қатар жиынға қатысушылардың бір тобы балалардың еңбегі мен құқығын қорғау жайында өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Конференция соңында балалардың құқықтарын қорғау бағытында қызмет атқарып жүрген білім саласының бірқатар мамандары ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

Жалағаш ауданы Ақсу ауылдық округі жастары және Жалағаш Индустриалды-аграрлық колледжінің студенттерімен «Жастар және Дін» тақырыбында кездесу болып өтті.

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН»

Кездесуде «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Ж.Тұсмағамбетов жастардың болашағы – елдің ертеңі екендігіне тоқталса, Жалағаш ауданы «Дін мәселелерін зерттеу

орталығы» КММ бөлімінің бас маманы А.Байқабылов діни жат ағымдардың қазіргі таңда қауіп туары айтты.

Жастардың арасынан өз ойларында жүрген маңызды сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар берілді.

ТАТУЛЫҚ ПЕН
БІРЛІКТІН МЕКЕНІ

Жақында «Достық үйінде» «Қазақстан – бірліктің мекені» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті. Оған аймақтағы этномәдени және діни бірлестіктердің өкілдері, белсенді жастар қатысты.

Облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты Дін мәселелерін зерттеу орталығы мен Қоғамдық келісім орталығының ұйымдастыруымен өткен шара өңір тұрғындары арасында ұлтаралық, дінаралық татулықты күшейтуді мақсат тұтты.

Қатысушылар қоғамның рухани һәм саяси тұтастығын сақтаудың маңыздылығын талқылады. Ел арасына ірікті салушылардың әрекетін әшкерелейтін ой-пікірлер айтылды, сондай-ақ татулығы жарасқан халыққа бақ қонатынын жәрмеңе айтты.

Ал жастар имамдар мен мамандарға сауалдарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Бекбол ҚАРАТАЙҰЛЫ,
ҚМУ-дың студенті.

ОЗАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Мәдениетсіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Дана бабамыздан жеткен осынау нақыл өзінің мәнін жоғалтқан емес. Оған Қазалыда өткен тағалымды шара дәлел болады. Мәдениет және өнер қызметкерлеріне арналған салтанатты жиынға қатысушылардың жүзінен шаттық лебі еседі.

Жиынды құттықтау сөзбен ашқан аудан әкімі Назмадин Шамұратов осынау саланың еңбегі қиын да жауапкершілігі мол екендігіне, кез келген шараның мәдениет қызметкерлерінің қатысуынсыз өтпейтіндігіне кеңінен тоқталды. Мұнан соң еңбегімен топ

жарған озыттар сала, аудан, облыс басшыларының, «Нұр Отан» партиясының өзге де түрлі марапаттары иеленді.

Келесі кезекте мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Тобыбай Жүсіп әріптестеріне жылы лебізін білдіріп, салаға көрсетілген күрметке орай ел ағаларына, көпшілікке ризашылығын жеткізді. Шара соңы жергілікті өнер ұжымдары дайындаған мерекелік концертке ұласты.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
ҚМУ-дың студенті.
Қазалы ауданы.